



№17-18 (3056-3057)
07/03/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



Мерекенізбен, асыл жандар!

«Әйел деген әдемі ғой әдемі, әдемілік бізге көптік етпейді...» деп ақын жырлағандай ықылым заманнан сұлулық пен нәзіктіктің, әдемілік пен әдептіліктің символы болған әйелдер барлық салада еңбектің тайқазанын ерлермен бірдей қайнатып жүр.

Темір жолда оларды кеңсе қызметінде ғана емес, станцияларда, локомотив және вагон деполарында, жол, белгі беру-байланыс, электрмен жабдықтау станцияларында, жолаушы тасымалы қызметінде, т.т. өндірістің қайнаған ортасынан көруге болады. Ұлттық компания тобы бойынша 26 500 нәзік жан иелері жұмыс істесе, олардың 22 мыңға жуығы өндірісте еңбек етеді. Басшылық қызметтегі әйелдер саны 2 500-ге жуықтайды. 50-ден астам әйел теміржолшылардың жоғарғы мәртебелі марапаты – «Құрметті теміржолшы» белгісінің иегері. Ал 2 500 әйел көп балалы ана санатында.

«Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетіпін» әйелдер – ұлттық компанияның үлкен күші һәм мақтанышы. Өйткені олар – отбасының ұйытқысы, адал жар, аяулы ана болумен қатар ел экономикасының күрметіміз теміржол саласының өсіп-өркендеуіне, өрісінің кеңеюіне зор үлес қосып жүрген майталман мамандар. Ұлттық компания барлық әйелдер үшін инклюзивті және қолдау көрсететін жұмыс ортасын құруға мүдделілік танытады. Халықаралық әйелдер күніне орай компанияда еңбек ететін барлық нәзік жан иелеріне мерекелік сыйақы берілді.



Аяулы арулар!

Көктемнің алғашқы шауғымен келетін 8-ші наурыз мерекесінде Сіздердің асыл қасиеттеріңізді – мейірім мен махаббаттарыңызды, табанды еңбектеріңіз бен жауапкершіліктеріңізді ерекше атап өту парыз. Үйдің де, түздің де жұмысын қатар үйлестіріп отырған Сіздер қандай да болмасын құрметке лайықсыздар. Мерекеге орай ізгі құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Қазіргі таңда әйелдер қауымы көптеген салаларда табысты еңбек етуде. Әр іске үлкен жауапкершілікпен қарайтын, қауіпсіздік талаптарын барынша ұстанатын, өз ісіне берілген аруларымыз теміржолда да жоғары кәсібиліктің үлгісін көрсетіп келеді. Компаниямыздың өркендеуіне қосқан үлестері де қомақты деп нық сеніммен айта аламын.

Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге толайым табыс тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Нұрлан САУРАНБАЕВ,
«КТЖ» ҰК» АҚ
басқарма төрағасы



Сакен РАХМЕТОВ,
директор филиала АО «НК «КТЖ» –
«Дирекция магистральной сети»:

В ТЕКУЩЕМ ГОДУ ПО СТРАНЕ ВСЕМИ ВИДАМИ РЕМОНТА БУДЕТ ОБНОВЛЕНО 1 480 КИЛОМЕТРОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОЛОТНА, В ТОМ ЧИСЛЕ БУДЕТ ПРОВЕДЕН КАПИТАЛЬНЫЙ РЕМОНТ 512 КИЛОМЕТРОВ ДОРОГ. ТАК, С ПРИХОДОМ ВЕСНЫ ПЛАНИРУЕТСЯ НАЧАТЬ РЕМОНТНЫЕ РАБОТЫ НА УЧАСТКАХ БЕЙНЕУ – МАНГИСТАУ, ЖАМБЫЛ – ТҮЛКҮБАС, ШУ – АЛМАТЫ И МАКАТ – АКСАРАЙ. В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ВСЕ УЧАСТКИ ДО НАЧАЛА РАБОТ ОБЕСПЕЧИВАЮТСЯ МАТЕРИАЛАМИ ВЕРХНЕГО СТРОЕНИЯ ПУТИ, А ИМЕННО ЩЕБНЕМ, ШПАЛАМИ С КРЕПЕЖОМ И Т.Д.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ЕЛІМІЗ БОЙЫНША

1480

ШАҚЫРЫМ ЖОЛ
САУЫҚТЫРЫЛАДЫ.

ҚАҢТАРДА ҚАЗАҚСТАН
МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ
ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫНЫҢ
КӨЛЕМІ

2,8

ТОННАФА ЖЕТТІ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ТЕМІРЖОЛ
КӨЛІГІМЕН

21

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДА-
НЫП, ӨСІМ 4% ҚҰРАҒАН.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУДІ
ҮЙРЕТЕТІН SOYLE.KZ ПЛАТ-
ФОРМАСЫ ӘЛЕМ БОЙЫНША

300 000

АСТАМ ҚОЛДАНУШЫНЫ
БІРІКТІРІП ОТЫР.

Совещание

В АССОЦИАЦИИ ТМТМ ПОПОЛНЕНИЕ

Руководство АО «НК «Қазақстан темір жолы» приняло участие в заседании Общего собрания Международной ассоциации «Транскаспийский международный транспортный маршрут», которое состоялось в Баку (Азербайджан) 4 марта текущего года. В ходе заседания участниками Общего собрания обсуждены вопросы деятельности Ассоциации за 2024 год и планы на 2025 год.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

По данным членов ассоциации, объем перевозок грузов через морские порты Казахстана и Азербайджана в 2024 году составил 3,3 миллиона тонн, что на 20% больше по сравнению с 2023 годом. Показатель контейнерных перевозок составил 56,5 тысячи ДФЭ, что на 176 % больше, чем в 2023 году.

Количество отправленных из КНР контейнерных поездов в 2024 году увеличилось в 33 раза по сравнению

с 2023 годом. Также участники Общего собрания утвердили план перевозок грузов и контейнеров на 2025 год и актуализировали тарифные ставки на текущий год.

Помимо этого, в ходе заседания объявлено об открытии Представительства Ассоциации в Китайской Народной Республике, в городе Сиане. Этот шаг направлен на расширение сотрудничества с китайскими партнерами и укрепление транспорт-

ных связей. Ожидается, что открытие Представительства в Сиане даст новые возможности для развития грузоперевозок по маршруту ТМТМ и повысит эффективность взаимодействия с китайскими компаниями.

В состав ассоциации в качестве ассоциированных членов были приняты компании Xian Free Trade Port (КНР), Poti Trans Terminals (Казахстан) и UZ Cargo Poland (Польша).

Кроме того, в рамках Общего собрания состоялся круглый стол на тему Middle Corridor:

Connectivity via Caspian Sea. Участники форума – представители транспортных и логистических компаний, а также эксперты в области морского судоходства и грузоперевозок – обсудили ключевые вопросы, связанные с перевозками через Каспийское море. В центре обсуждения находились такие темы, как увеличение объемов грузоперевозок через Каспий, развитие инфраструктуры портов, влияние новых технологий и международной кооперации на эффективность работы флота, а также экологические аспекты транспортировки грузов в данном регионе.

В целом в мероприятии наряду с Казахстаном приняли участие представители соответствующих структур Азербайджана, Грузии, Украины, Турции, Китая, Польши, Литвы, Сингапура, Болгарии и Румынии.

Также в рамках заседания рабочей группы по развитию Транскаспий-

ского международного транспортного маршрута (ТМТМ) состоялось подписание Меморандума о намерениях между АО «НК «КТЖ» и РТС Holding. Документ подписали заместитель генерального директора по логистике АО «КТЖ Express» Айбек Капар и директор по развитию ТОО «РТС Holding» Олжас Арыкбаев.

Подписанный документ направлен на реализацию проекта по строительству мультимодального контейнерного терминала в городе Потти (Грузия) мощностью свыше 80 тысяч ДФЭ в год. Общая сумма инвестиций в проект составляет 30 миллионов долларов. Данный терминал станет частью ТМТМ, обеспечивая эффективную обработку тарированных и контейнерных грузов, что позволит увеличить объем грузоперевозок в рамках маршрута.

Фото предоставлено
пресс-службой
АО «НК «КТЖ»

УЛЫБКИ И ВЕСЕННЕЕ НАСТРОЕНИЕ



Любовь РОВБА,
Астана

Международный женский день для железнодорожников является поводом поздравить и в очередной раз отметить важную роль своих прекрасных коллег – героинь, которые изо дня в день наравне с мужчинами выполняют масштабные задачи, внося свой неоценимый вклад в безопасное и бесперебойное движение поездов.

В этом году для столичных железнодорожниц организовали целую серию полезных мастер-классов – по стилю, макияжу, причёске и приготовлению быстрых закусок. Длительность каждого из них составляла

20 минут. Чтобы охватить всех желающих, мастер-классы проводились несколько раз. Организаторы из департамента социальной политики АО «НК «КТЖ» также предусмотрели удобное время – с 12:00 до 15:00. В здании центрального аппарата на сегодня трудятся порядка 1 600 женщин, пригласили на мастер-классы также работниц железнодорожных предприятий, дислоцирующихся в Астане.

– Помимо традиционного праздничного концерта, в преддверии 8 Марта мы решили порадовать наших прекрасных дам чем-то новым и увлекательным, создать для них особую атмосферу, подчеркнуть их красоту, стиль и кулинарные таланты, – отметил менеджер департамента социальной по-



литики АО «НК «КТЖ» Ержан Жаналиев. Атмосфера в фойе мажилис-зала компании действительно была особенной и по-настоящему праздничной – создавали ее красивые наряды, улыбки и весеннее настроение главных виновниц торжества.



В тематической фотозоне для женщин была организована профессиональная фотосессия. Сюрпризом для каждой участницы стали карты желаний, которые они смогут заполнить своими мечтами и планами.

Кроме того, порадовали железнодорожниц дефиле бабушек в национальных костюмах, покоривших подиумы Италии, из проекта «Сәнді әжелер-сән әдемі». Они представили коллекции «Поющие барханы» и «Алаша».

Фото Мукагали КАСКАРБЕКА

РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



НӘТИЖЕ

2025 жылғы 3 наурызда Алтынкөл – Қорғас шекаралық өткелі арқылы пойыздарды тапсырудың тарихи рекорды орнатылды.

Бұл нәтижеге Қазақстан мен Қытай теміржол әкімшіліктерінің басшылары арасындағы уағдаластықтар арқасында қол жеткізілді. Бұрын айырбастау тәулігіне 8 пойыздан аспайтын. Осы келісім қазақстандық кәсіпорындардың астық жүктерін (құрама жем, ұн, ұнтақ өнімдері), кен жүктерін, қара және түсті металдарды қоса алғанда, экспортқа қажеттілігін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап Достық – Алашаңқай шекара өткелінде пойыздар алмасуын тәулігіне 14-тен 28 құрамға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Айта кетсек, 2025 жылдың екі айында Қытайға пойыздарды тапсыру көлемі 18% өсіп, 3,4 млн тоннаны құрады, оның ішінде Достық – Алашаңқай арқылы – 10%, 2,2 млн тоннаға дейін, Алтынкөл – Қорғас арқылы – 37%, 1,2 млн тоннаға дейін жетті.

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Ардақ ҮСЕЙНОВА,
Жамбыл



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

«КТЖ» ҰК» АҚ Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінде 2025 жылы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету әрі жол шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында ауқымды жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің директоры Мейрамбек Кенжебаевтың мәліметінше, жол жөндеу жұмыстары жаңа технология бойынша жүргізіледі. Ағадыр жол дистанциясы жолшыларының күшімен СМД-80 машиналарын пайдалана отырып 3,4 шақырым теміржолдың рельстік тіректері ауыстырылады.

«Теміржол жөндеу» ЖШС – «ПМС Бірлік» мердігерлері FOSSLO-SKL бекіткіштері бар 52,111 шақырым теміржолға күрделі жөндеу жүргізеді. «Бірлік-2» станциясын қалпына келтіру жұмыстары барысында теміржолшылар 29 мың текше метр жоғға қиыршық тастарын төсеп, темірбетонды негізде 32 жаңа бағыттама бұрмаларын салады. Жол жөндеу жұмыстары кезінде Шу машиналандырылған жол дистанциясының техникасы пайдаланылады. Дистанция паркінде 61 бірлік арнайы машина бар. «DUAMAT» кешенімен 211,1 шақырым жол жөндеу жоспарланған. Сонымен қатар ұзындығы 72,3 шақырым жол бойына малдан қоршау салынады.

– Жол жаңғырту жұмыстарына пайдаланылатын ескі рельстер Луговой рельс дәнекерлеу кәсіпорнында өңделеді. Онда ұзындығы 800 метрлік жаңа рельстік плеттер дәнекерленіп дайындалады. Кәсіпорынның рельстік плеттерді стационарлық жағдайда ғана емес, PRSM типті жылжымалы машиналарды пайдалана отырып, тікелей жол бойынша дәнекерлей алатын техникалық мүмкіндігі бар. Жалпы, сапасына көңіліміз толады, – дейді бөлімше директоры Мейрамбек Кенжебаев.

ӨРТ СӨНДІРУ ПОЙЫЗЫ ШАҚЫРЫЛДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



ОҚИҒА

Өткен сенбіде Семей станциясының дәл іргесіндегі астық өндеуші компанияның аумағында күнбағыс тұқымын сақтайтын қоймада үлкен өрт орын алды.

Оқиға орнына дереу жеткен жеке құрамның 65 адамы мен 24 техника қызыл жалынды ауыздықтау жұмыстарын барынша қауырт жүргізгенімен, апат ошағына өрт сөндіру пойызының көмегі қажет болды.

Белгілі болғандай, қоймада сақталған 500 тоннадан асатын күнбағыс өнімі өртенген. Жылдам жанатын өнім қатты түтіндеп әрі өте қызулы болғандықтан сөндіру жұмыстары қиындық тудырды. Аумақты, қала аспанын қою түтін басты.

Кешкі 19:00-де тілсіз жау ошағына Семей станциясының өрт сөндіру пойызы келіп жетіп, барлық қажетті көмек түрлерін көрсетті. Өртті сөндіруге жалпы көлемі 200 тонна су жұмсалынды.

Төтенше жағдайлар қызметі мен теміржолшылардың жұмыла жұмыс жүргізуінің нәтижесінде қызыл жалынның жақын маңайдағы өзге ғимараттарға таралуына жол берілмеді. Әйтсе де, күш алған өрт, қою түтін, ғимарат конструкциясының күрделілігі өшіру жұмыстарын біршама қиындатты.

Түнгі 00:13-те тілсіз жау толықтай сөндірілді. ТЖМ қызметі тартқан ақпаратқа сүйенсек, апат аумағы 1600 шаршы метрді қамтыған. Зардап шеккендер тіркелмеді. Шығын көлемі есептелуде.

МАҢҒЫСТАУҒА ҚЫС КЕШ КЕЛДІ...



АЙМАҚ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Бала-шаға қысымен күткен «ақ қонақпен» ойнап мез-мейрам болса, арнайы қызметтер қар тазалаумен әбiгiрге түстi. Аймақ теміржолшылары пойыздар қозғалысына кедергі келтірмес үшін апта бойы жолдарды қардан тазартты.

Маңғыстау жол дистанциясына қарасты 552,7 шақырым темір жолдың 129 шақырымы қар басуға бейім, яғни ойлы-қырлы аумақтарда орналасқан. Толас-сыз жауған қар әлсін-әлсін жол бойын көміп тастап жатты. Қар құрсауындағы жолдар мен стрелка бұрмаларын тазалауға жедел кіріскен дистанциялықтарға түбектегі басқа мекемелер де көмекке келді. Дистанцияның



СМ-2, СДПМ қар тазалағыш техникалары да іске қосылып, соңғы онкүндікте желі бойында жұмыс істеді.

– Қардың қалың түсуіне байланысты жол қауіпсіздігін сақтау мақсатында күн-түн демей, демалыс күндеріне қарамастан еңбек еттік. 19 ақпан мен 5 наурыз аралығында оқтын-оқтын

жауған қармен күрес жұмысына тек түнгі кезекшілік пен демалыс күндерін қосқанда 1241 адам жұмылдырылды. Күндізгі ауысымдағы жұмысшылардың еңбегі әрине өз алдына. Белгі беру және байланыс, электрмен жабдықтау дистанциялары мен қалпына келтіру және өрт сөндіру пойызының жұмысшылары бізге

көмекке келді, – дейді Маңғыстау жол дистанциясының бас инженері Марлен Көктеубаев.

2-3 наурыз күндері желдің жылдамдығы жоғары болғандықтан қар тазалау жұмысы қиындай түсті. Ұйытқып соққан желмен қар борап, тазаланған жолды қайтадан жауып тастап жатты. Дегенмен жұмыла жасаған жұмыстың арқасында жолдар дер кезінде қардан тазартылып отырды.

Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі жол бөлімінің басшысы Нұрлыбай Қисаевтың айтуынша, қар мәселесіне орай бөлімше басшылығы шұғыл шешім шығарып, жол дистанцияларынан өзге мекемелерден де арнайы кезекшіліктер ұйымдастырған. Қармен күрес жұмыстарына да барлық мекемеден адамдар тартылған. Маңғыстау жол дистанциясының СДПМ техникасы Бейнеуге көмекке барып, №9 Бекет – Сайөтес станциясы аралығынан 30 шақырым жолды қардан тазартқан. Бүгінде түбек теміржолында қармен байланыс ешқандай мәселе жоқ, пойыздар кедергісіз жүріп жатыр.

Суретті түсірген автор

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЖАҢА ФОРМАТТА

Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінде еңбек қауіпсіздігі апталығы өтті. Жаңа форматтағы шарада цифрлық технологиядағы жаңашылдықтарды өндірісте қолдану сөз болды.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Апталық алғаш рет дөңгелек үстел форматында ұйымдастырылды. Бір минут үнсідікпен басталған шара ауқымды өтіп, әр станциядағы қауіпсіздікке жауапты қызметкерлерден бөлек Астана қаласынан тікелей байланыс қосылды. Еңбек қауіпсіздігі департаменті директорының міндетін атқарушы Асқар Берлік сөз сөйлеп, еңбек қауіпсіздігі саласында жаңа әдістер мен цифрлық технологияларды енгізу – жұмысшылардың қауіпсіздік ережелерін жақсы меңгеруіне және жазатайым оқиғалардың алдын алуға көмектесетінін ерекше атап өтті.

Іс-шараға теміржол саласының мамандарымен қатар ТЖД, Ақтөбе облысының еңбек инспекциясы және медициналық қызмет өкілдері қатысты. Бұл жиынның ерекшелігі – заманауи технологияларды қолдану болды. Еңбек қорғау жетекші инженері Бақытнұр Ермекова жасанды интеллект арқылы техникалық сабақ көрсетіп, қатысушыларға қауіпсіздік ережелері мен жадынамаларды QR-код арқылы ұсынды. Сонымен қатар қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған логикалық ойындар ұйымдастырылып, қатысушылардың белсенділігі артты.

«Еңбек міндеттемелеріне жауапкершілікпен қарау маңызды. Өндірістік оқыту шеберлерімен апатты жағдайларды болдырмауға қатысты сабақ ұдайы

өтеді. Өткен жылы Орал және Ақтөбе бөлімшелерінде төтенше жағдай болмады. Ал 2023 жылы тіркелген оқиғалар бар. Біз олардан сабақ алып, есімізден шығармау абзал», – деді бас инженер Жасұлан Рысқалиев. Дөңгелек үстелде ChatGPT-ді өндірісте қолдану көрсетілді. Инженердің айтуынша, бұл әдістер жұмысшыларға ақпаратты оқыту тәсілдері қауіпсіздік ережелерін есте сақтауды жеңілдетіп, оларды күнделікті тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді.



Сонымен қатар ТЖД қызметкерлері мен 103 қызметінің мамандары баяндама жасап, оқыс жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету тәсілдері көрсетілді. Өзін жайсыз сезінген адамға дем беру, ең бірінші қандай әрекет жасау керектігі айтылды. Шара соңында қатысушыларға еңбек қауіпсіздігі тақырыбындағы стикерлері бар естелік сыйлықтар тарту етілді.

Қауіпсіздік, еңбек қорғау және экология бөлімінің бастығы Н.А. Ақшаевтың айтуынша, өндірісте қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру әрбір қызметкердің өмірі мен денсаулығын қорғауға ықпал етеді.

Суретті түсірген автор

Көкейкесті

ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің теміржолшылары мал мен жаннның теміржолға шығып кетіп, қауіпсіздікке нұқсан келтіруіне алаңдаулы. Осы жылдың екі айында бөлімшенің қызмет көрсету аумағында 8 рет адамның пойыз жолға шығып кетіп тепловоз машинистерінің жедел тежегіш қолдану оқиғасы тіркеліп отыр.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Өкінішке қарай, қозғалысқа қауіп төндіретін жағдай жыл өткен сайын кемімей, керісінше өршіп барады. Аймақ теміржолшылары пойыз қозғалысының қауіпсіздігін арттыру мақсатында күнделікті профилактикалық шаралар жүргізіп отырғанымен, мәселе шешімін таппай отыр. 2023 жылы – 94 рет, 2024 жылы 179 мәрте иесіз мал мен адамдардың жолға шығып кетуі, автокөлік жүргізушілерінің теміржол өткелдерінде жол ережесін бұзуы сияқты оқиғалар тіркелген. Мұндай жағдайда тепловоз машинистері жедел тежегіш басуға мәжбүр болады. Ал биылғы жылдың екі айында аймақ бойынша, тек адамға қатысты 8 жағдай орын алып, соның ішінде 6 адам өлімі, 2 адамның мүгедек болып қалуы тіркелген.

– Темір жолдың аса қауіпті аймақ екенін түсіндіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізілгенімен, әзірге оң нәтиже байқалмай отыр. Қауіп жыл сайын қайталануда. Бөлімше бойынша жергілікті тұрғындарға, оқу орындарының оқушыларына арнайы мамандармен бірге түсіндіру жүргізілді. Тұрғындардың қауіпсіздігін сақтау үшін ЖШБ мен ӨТЖК өкілдерімен бірге Қызылорда, Қазалы және Сексеуіл станцияларында 15 рет рейд өткізілді. Тіпті жергілікті әкімдікке ресми хат, шаруашылық иелеріне жолға жақын маңда мал жаю ережелерімен таныстыру хаты жолданғанымен, мәселе оң шешімін таппаса да темір жолдың қауіпті аймақ екенін түсіндіру жұмысы тұрақты жүргізіледі, – дейді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің инженері Марат Шайжан.

Қауіпсіздік мәселесін шешу үшін тұрғындардың жауапкершілігін арттыру, әкімдік тарапынан қатаң бақылау жүргізу және қосымша қауіпсіздік шараларын енгізу қажет. Сонымен қатар жергілікті билік, құқық қорғау органдары мен теміржол қызметкерлері бірлесе әрекет еткенде, кінәлі тұлғаларға жария түрде шешім шығарып, нәтижені қоғамдық орындарда жариялағанда ғана бұл мәселенің шешімі табылады. Жалпы қандай деңгейдегі болмасын қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек теміржолшылардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болуы тиіс деп санайды қауіпсіздік инженері.

Күн жылынып, жер қарая бастағалы теміржол бойында қараусыз жайылған мал көбейді. Бұл жағдай пойыздардың қозғалысы кезінде қауіп-қатерді арттыра түседі. Әсіресе станцияларда маневрлік жұмыстар жүргізіліп жатқанда қиындық туғызады.

ШЫҒАСЫҒА ИЕСІ БАСШЫ

Айназ СЫРЫМБЕТ,
Жамбыл


Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі Түлкібас жол дистанциясының бас инженері Шәмшидин Дадабаевтың айтуынша, қараусыз жүрген малдың шойын жолға шығып кетуінің салдарынан пойыздарды шұғыл тоқтатқан жағдайлар көбейген.

– Былтыр күз айларында мал басу жағдайлары жиілеп кетті. Айналдйрған екі айдың ішінде осындай 3 оқиға тіркелді. Біріншісінде, Шақпақ жолының 3411-шақырымында кешкі сағат сегіздердің шамасында шойын жолға мал шығып кетіп, №1273 жүк пойызы шұғыл тоқтаған. Арада бір жарым ай өтпей кеткен №1256 жүк пойызы тоқтатылады. Мәліні қараусыз қалдырудың кесірінен локомотивтер бұзылып, кей кездерде теміржолға да зақым келді. Пойыздарды шұғыл тоқтатқанда, жүк тиелген вагондар болса, қоршаған ортаға тигізер қатері көп. Жолғаушылар пойызын кенеттен тоқтатса, қозғалыс кестесі өзгереді. Оған адам факторын тағы қосыңыз. Апат орын алған учасстке рельсе де зақым келуі мүмкін. Мал иесіне келер шығын тағы бар. Биыл қыс жайлы болды. Күн жылынғалы бері шойын жолдың маңында жайылып жүрген мал қарасы көбейді. Қозғалыс қауіпсіздігінің алдын алу үшін елді мекендерге барып, тұрғындарға түсіндіру жұмыстарын жүргізуді күшейттік, – дейді Шәмшидин Нажимұлы.

Кейін қараусыз қалған мал иелері табылып, қолданыстағы заңнамаға қатысты оларға әкімшілік айыппұл салынған.

Жалпы теміржол маңына төрт түлігін бақылаусыз жібергені үшін мал иелері әкімшілік, азаматтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мұндай жағдайда ескерту немесе бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді.

«УМНЫЕ» СИСТЕМЫ ДЛЯ ТРАНСПОРТА



Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие прошло в комбинированном формате и собрало экспертов транспортной отрасли, научных деятелей, представителей транспортных компаний и логистических служб, разработчиков IT-продуктов и инвесторов из разных стран.

Основной целью конференции стало формирование целостной научной теории цифрового перехода транспортно-логистического комплекса, методологии управления этим процессом и разработка практических рекомендаций по повышению эффективности «умных» транспортных систем и инфраструктуры цифровой экономики.

Так, участники обсудили вопросы оптимизации логистики, выстраивания глобальных

Развитие «умных» транспортных систем и инфраструктуры цифровой экономики на пространстве ЕАЭС обсудили на II Международной научно-практической конференции в Ташкенте (Узбекистан).

цепей поставок и сбыта на базе «умных» транспортных систем, кадровой и технологической поддержки, вклада IT-систем на транспорте в развитие международной торговли и другие.

– Средства автоматизации становятся все более доступными благодаря становлению цифровой экономики, позволяют достигать практически полной прозрачности транспортного перемещения товаров, повышают предсказуемость и снижают риски грузоперевозок, а также уменьшают транспортно-логистические издержки, стимулируя международную торговлю, – отметил в своем докладе министр по энергетике и инфраструктуре Евразийской экономической комиссии Арзыбек Кожошев.

Он сообщил, что комиссия рассматривает возможности развития «умных» транспортных систем в рамках ЕАЭС, и рассказал о Концепции по совершенствованию взаимодействия

интеллектуальных транспортных систем, направленной на активизацию процесса внедрения новых технологий в транспортную инфраструктуру.

– Мы развиваемся, и опыт ЕАЭС по внедрению интеллектуальных транспортных систем, цифровой инфраструктуры совершенствуется с учетом новых технологий, – сказал министр ЕЭК.

Участники конференции отметили необходимость сформировать комплексную управленческую методологию «умных» транспортных систем и инфраструктуры цифровой экономики, включающую в себя территориальный маркетинг, финансовое обеспечение, кадровую и технологическую поддержку, правовое обеспечение, государственное регулирование и социальные институты.

Осмотр

В УЧЕБНЫХ ЦЕЛЯХ

Учебно-показательный комиссионный осмотр (УПКО) прошел на станции Оскемен-1. Его целью стало обеспечение производственной безопасности, надлежащего содержания устройств и технических средств Оскеменской дистанции пути, Семейской дистанции электроснабжения, Защитинской дистанции сигнализации и связи, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Осмотр проводили под председательством директора Семейского отделения грузовых перевозок Алмаса Сейсемканова. В мероприятии приняли участие представители железнодорожных предприятий, ревизорский аппарат, руководители станций, в том числе начальники станции Оскемен-1 Даулетказы Билов. Перед началом осмотра главный инженер станции Оскемен-1 Ренат Исаканов провел целевой инструктаж. Во время УПКО изучали и теорию – перечень вопросов, которые рассматривают при комиссионном месячном

осмотре сооружений, устройств, служебно-технических зданий, а также стрелочных переводов, главных и приемоотправочных путей, которые находятся в границах станции.

Мастер производственного обучения Оскеменской дистанции пути Жаслан Мусин на нецентрализованном стрелочном переводе № 130 показал, где и как измеряются критические расстояния в крестовине стрелочных переводов методом установки нового электронного шаблона образца ЦУП-3, в каких местах делают промеры стрелочного перевода в промерном стыке, у острия, в середине и корне острия, в середине переводной кривой и крестовине



стрелочного перевода. Также он показал измерение шага острия на централизованном стрелочном переводе № 69, рассказал обо всех неисправностях, которые требуют закрытия движения как на стрелочных переводах, так и на путях станции.

Представители Защитинской дистанции сигнализации и связи во время осмотра показали, как проверять целостность изоляционных частей на централизованном стрелочном переводе № 69, как проводится проверка стрелочного перевода на плотность прилегания острия к рамному рельсу, а также крепление уголков электропривода и фиксация болтов крепления шпалентами. Собравшимся рас-

сказали о допусках видимости входных и выходных светофоров, проверке состояния изостыков и рельсовых цепей, о причинах возникновения металлической пыли на изостыках – намагничивании. Участковый ревизор Александр Соснин объяснил положения приказа № 971 – ЦЗ.

Проведение учебно-показательного комиссионного осмотра, который прошел на станции Оскемен-1, признали удовлетворительным и плодотворным в части его организации и применения на практике. Для повышения знаний начальников станций, их заместителей такие мероприятия будут проходить и дальше по графику.

Фото Даулетказы БИБЛОВА

РАБОТА БЕЗ СБОЯ СТРЕЛОЧНЫХ ПЕРЕВОДОВ

На станции Жанаарка прошел показательный комиссионный осмотр под руководством директора Карагандинского отделения магистральной сети (НЖС-4) Толеубая Кенжебекова.

Светлана МОГАЙ,
Жанаарка

В мероприятии приняли участие специалисты дистанции пути (ПЧ), сигнализации и связи, а также начальники станции (ДС). По словам Толеубая Кенжебекова, ключевой задачей осмотра стала оценка технического состояния стрелочных переводов.

– Основные цели осмотра – повышение профессионального уровня работников, обмен опытом между специалистами, снижение количества отказов и инцидентов, внедрение современных методов обслуживания стрелочных переводов, – рассказывает Толеубай Кенжебеков.



Как известно, стрелочные переводы составляют важную часть железнодорожной инфраструктуры. Они обеспечивают возможность изменения направ-

ления движения поездов. Очень важно, чтобы они находились в исправном состоянии. В связи с этим в ходе осмотра осуществлялись контроль соблюдения норм

и допусков при их содержании, выявление и устранение дефектов и отклонений, разъяснительная работа по предотвращению наката и наплывов на остриях и крестовинах, кроме того, проводилась демонстрация технологии профилирования остриков стрелочных переводов.

– Правильное техническое обслуживание, своевременная диагностика и замена устаревших и поврежденных частей стрелочных переводов значительно сократят количество полных запретов эксплуатации, повысят безопасность движения на железнодорожных путях, – подчеркнул Толеубай Кенжебеков.

По итогам результата осмотра разработаны и даны рекомендации по улучшению содержания стрелочных переводов, направленные на повышение надежности и безопасности железнодорожной инфраструктуры.

Фото автора

ПОСЛЕДСТВИЯ БЕСПЕЧНОСТИ



Лана ВЕРШИННИН,
Караганда

– Безусловно, этот фактор влияет на экономическую часть АО «НК «КТЖ», которая терпит немалые потери, – рассказывает главный инженер Карагандинской дистанции пути Абзал Сагимбаев. – Еще одним из проблем являются неосторожность и невнимательность пешеходов, проходящих через железнодорожные пути в неустановленных местах. По статистике, 60%

Согласно статистике, за 2024 год и два месяца 2025 года по Карагандинской дистанции пути допущено 62 случая экстренных торможений грузовых поездов, чтобы предотвратить наезды на крупнорогатый скот, а также во избежание столкновения с людьми и автотранспортными средствами на переездах.

горожан ходят в наушниках. Обычно они не слышат гудка приближающегося поезда, сигналов, игнорируют установленные предупреждающие аншлаги.

Большую угрозу безопасности движения поездов создает и домашний скот, оказывающийся на железнодорожном полотне из-за безответственности владельцев. Работниками Карагандинской дистанции пути в адрес акиматов регулярно направляются письма, памятки с правилами поведения вблизи железной дороги, также

проводятся профилактические работы на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности».

– Железнодорожный путь не предназначен для времяпрепровождения школьников и других посторонних людей, ведь за этими шалостями стоят человеческие жизни, – добавляет инженер Карагандинской дистанции пути Ернур Мажит. – Также острой проблемой в путевом хозяйстве является то, что при приближении поездов к железнодорожным переездам, несмотря на запре-

щающие показания переездной сигнализации, а также закрытые шлагбаумы, автотранспорт следует без остановки.

Автолюбителям необходимо помнить о том, что железнодорожный переезд – не то место, где можно проявлять лихачество и удал, ведь за таким поведением стоят человеческие жизни.

На сегодняшний день анализ состояния безопасности движения поездов вызывает серьезную озабоченность, так как увеличивается количество экстренных торможений поездов из-за внезапного выхода безнадзорного скота находящегося на путях. Это приводит к сбою в работе железнодорожного транспорта, задержке поездов, порче имущества – локомотивов и вагонов, а также к несвоевременной доставке пассажиров. В целом вышеназванная ситуация создает опасность для жизни пассажиров.

ПОЕЗД ИЗ ИНДИИ В КАЗАХСТАН

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана



Дочерней компанией АО «НК «Қазақстан темір жолы» – АО «Кедентранссервис», АО «Узтемир-Узбекконтейнер» (Узбекистан) и ОАО «ТЛЦТ» (Туркменистан) организована отправка 12 двадцатифутовых контейнеров с керамической плиткой из порта Мундра (Индия) в город Астану (Казахстан) на станцию Сороковая.


Поезд пройдет через территории Ирана, Туркменистана, Узбекистана и Казахстана. Протяженность маршрута составляет 1 585 километров по морю и 4 300 километров по железной дороге.

По словам специалистов, срок доставки в зависимости от загруженности порта Бандер-Аббас (Иран) составит порядка 25-30 дней.

Перевозка осуществляется в рамках развития контейнерного сервиса по восточному маршруту коридора Север – Юг. Данный коридор позволяет значительно сократить сроки доставки, затраты на перевозку товаров и расширить возможности экспортеров и импортеров стран – участниц маршрута.

ЗНАЧИТЕЛЬНЫЙ РОСТ

Айлин БАУРЖАН,
Астана



Свыше 7,4 миллиона тонн зерна нового урожая перевезено железнодорожным транспортом за первое полугодие маркетингового года.

В феврале 2025 года на сети КТЖ погружено более 1,3 миллиона тонн зерна, что на 49% превышает показатели аналогичного периода 2024 года. Внутренние перевозки составили более 282 тысяч тонн, увеличившись на 37%. Экспорт зерна превысил один миллион тонн, что на 53% больше по сравнению с прошлым годом.

Экспорт зерна показал значительный рост: в Таджикистан он увеличился на 39%, Туркменистан – на 99%, Афганистан – на 26%, Кыргызстан – в 4 раза. Через порты Актау и Курык экспорт в Иран вырос в шесть раз.

С сентября 2024 по февраль 2025 год погрузка зерна на нового урожая по сети КТЖ увеличилась на 47%. Перевозки зерна по республике продемонстрировали рост на 30%, достигнув 1,6 миллиона тонн. На экспорт было отправлено свыше 5,8 миллиона тонн зерна железнодорожным транспортом, что на 53% больше, чем в прошлом году.

Экспорт зерна в страны Центральной Азии также продемонстрировали рост на 33%, составив 3,2 миллиона тонн, а в Афганистан увеличился на 36%, достигнув 248 тысяч тонн.

ФЕВРАЛЬ – МЕСЯЦ ВЬЮЖНЫЙ

Анна МАРЬИНА,
Илецк



В Оренбургской области снегопады и метели разбушевались особенно сильно к концу зимы. Но илецкие железнодорожники обеспечили бесперебойное движение поездов.



В период сильных снегопадов и метелей для предотвращения сбоев перевозочного процесса на железной дороге к снегоборьбе привлекаются работники всех производственных подразделений филиалов ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Илецк» и Илецкого железнодорожного узла.

Как отметили начальник производственного участка Илецкой дистанции пути (ПЧ-3) Плек Тукашев и заместитель начальника станции Илецк Рустам Абубакиров, руководившие массовой уборкой снега, только за сутки на станции Илецк было произведено восемь выгрузок, вывезено около 2 720 кубометров. Всего же за весь зимний период по станции Илецк было вывезено 28 220 кубометров снега.

На закидку снега были привлечены работники Илецкой дистанции пути, Илецкой дистанции сигнализации и связи (ШЧ-6), персонал станции Илецк-1, пункта технического обслуживания вагонов (ПТО), Илецкого линейно-эксплуатационного участка электроснабжения и электрификации (ЭЧО) общей численностью 67 человек.

Непосредственно на станионных путях работами по закидке снега руководили дорожные мастера ПЧ-3 Бахит Муканов и Рустам Битлеев. Затем собранный снег убирали снегоуборочной машиной СМ-2. Сложенная работа снегоуборочной бригад позволила в кратчайшие сроки обеспечить безопасность движения поездов на Илецком участке и бесперебойную работу узловой станции.

Фото Рамили НУРЖАХОВОЙ

№17-18 (3056-3057) 07/03/2025

БУРЫЛ СТАНЦИЯСЫ ТЫҢДАП ТҮР...



Біз келгенде пультта отырған станция кезекшісі Айман Нұрханова ішкі желіге жалғанған телефон арқылы Тараздың іргесіндегі Бурыл станциясынан кезекті жүк пойыздарының жөнелту уақытын хабарлап жатты.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Бір көзі станция басындағы жолдар шиырланған электрондық таблода. Әрбір қозғалысты көз айырмай қадағалап отыр. Уақыт түске қарай таяп қалғанына қарамастан, жұмыс қарқыны бәсеңдер емес. Кезекшінің қолы қалт етер сәтін күтіп біраз отырдық.

Айман Сатарқызының «КТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі» филиалына қарасты Бурыл станциясында еңбек етіп келе жатқанына 40 жылдан асыпты. Қазір Тараз көлік және коммуникация колледжі аталатын бұрынғы теміржол училищесінде оқып жүргенінде өндірістік практикадан өтуге келіп осында қалып қойыпты. Еңбек кітапшасына оқу орнындағы білім алған 3 жыл қоса жазылып, бәрін есептегенде, теміржолдағы тәжірибесі – 44 жыл.

– Ол кезде қазіргі колледжді ПТТУ-88 деп атайтын. Еліміздегі теміржол саласына кәсіптік білімі бар мамандар даярлайтын көне оқу орындарының бірі ғой. Оқуды 1983 жылы бітірдім, 6 ай өндірістік практикада осы станцияда өткенмін. Станция бастығы мінездеме бергенде, жолдаманы Бұрылға беріңіздер деп жазып беріпті. Содан осында келіп тұрақтап қалдым. Теміржол саласы өз таңдауым болған соң, аз уақытта жұмысымды жақсы көріп кеттім. Алдыңғы буыннан көп нәрсені үйрендік. Сексен-тоқсаныншы жылдарда жүктеме жоғары, жұмыс деген қарбаласып жататын. Станцияда 4 тақ және жұп санды жалпы 8 жол,

48 кірме тұйық жол бар, пультта сол жолдардың сызбасы көрініп тұрады. Соларды вагондармен қамтамасыз етеміз. Жүк вагондары өңдейтін және өңделмейтін деп бөлінеді. Өңделетіндерін пойыздан ажыратып аламыз, өңдей, он және сол тұйық жолға бөліп сұрыптаймыз. Маневрлік жұмыстарды жүргіземіз. Сұрыпталғандарын Тараз, Шайқорық, Жанатас станцияларына жөнелтуге дайындаймыз. Жұмыс уақыты күндізгі және кешкі тоғыздан басталады, 12 сағат. Түнгі ауысым бар, сағатқа қарамаймыз, түскі үзіліске уақыт берілмейді. Арасында қолымыз қалт еткенде жүрек жалғап аламыз, – дейді станция кезекшісі.

2-санаттағы жүк вагондарын сұрыптау станциясы Бурыл Тараз қаласындағы стратегиялық объектінің бірі саналады. Жалпы ұзындығы 1,5 шақырымды құрайтын станция жолдарын 2 мыңнан аса шағын және орта бизнес өкілдері пайдаланатындықтан күндіз-түні толассыз жұмыс жүріп жатады.

Айман Нұрханова теміржолшылар әулетінен шыққан. Әкесі Сатар 40 жылдай машинист болып еңбек еткен. Ағасы жол дистанциясында қызмет атқарыпты, қазір зейнеткер. Қырық жылдан астам уақыт үздіксіз станция кезекшісі болып жұмыс істеп келе жатқан білікті маман 2019 жылы «Адал еңбегі үшін» медалімен марапатталыпты. Мамандығына адал жан «теміржолшылар әулетінен шыққан ұрпаққа «шаршадым, қажыдым» деген сөз жат. Өйткені олар жастайынан еңбекқорлықтың үлгісін көріп өседі» дейді.

Суретті түсірген автор

АЙГҮЛДІҢ АҚ ТІЛЕГІ

Ол таң сәріден тұрып жұмысқа дайындалды. Балаларды оятып, немерелеріне таңғы асын даярлап болып, жұмысына асыққан Айгүл станцияға аяндап келеді. «Бүгінгі күн де тыныш, оқыс оқиғасыз өтсе екен» деген оймен жұмыс орнына келісімен киімін ауыстырып, ауысымды қабылдап алды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Ақжайық станциясы

Иә, бұл – әр жыл, ай, апта, күн сайын жұмысқа түсерде тілейтін тілегі. Өйткені қозғалыс қауіпсіздігі қай теміржолшы үшін де ең маңызды нәрсе. Оның үстіне затты әйел, ана емес пе, ең алдымен жаратушыдан жұмысы көлденең апатсыз, адамдар аман, қауіп-қатерсіз еңбек етіп, аман-есен үйлеріне оралғанын тілейді. Ақжайық станциясының белгі берушісі (сигналист) Айгүлдің тағы бір еңбек күні осылай басталды.

Айгүл Жұмашева тоғыз жолдың торабы, Атырау жол бөлімшесінің жүрегі саналатын Мақат станциясында 1971 жылы дүниеге келген. Теміржолдың тарсылын, пойыздардың гүрсілін, самсай тіркеліп, шұбатылған вагондарды көзін тырнап ашқаннан көріп өсті.

Әкесі Жақсылық Мақат локомотив пайдалану депосында машинист болған адам. Ес біле әкесінің алып тепловозды жүргізгенін мақтаныш етіп, өсе келе өзі де осы жолды таңдады. Теміржолшы болудың қызығы мен қиындығын іс жүзінде танып білді.

– Өмірімді теміржолмен байланыстырғанымға өкінбеймін. Марқұм жолдасым Аманқос та осы Ақжайық станциясында пойыз құрастырушы болды. Бүгін күндізгі ауысымға келіп жатырмын. Станцияға келген пойыздарды пойыз құрастырушылар бөліп, сұрыптаған кезде бірге болып, вагондарға башмақ қоямыз. Ол өте маңызды жұмыс, вагондар жылжып кетсе, үлкен қауіп туырады. Сондықтан үнемі қырағы болу керек. Рациямен байланысып, қай вагонның қай жерге қойылғанын, қашан алынатынын хабарласып отырамыз. «Сақтансаң



сақтаймын» демекші, үйреншікті жұмыс болғанымен, босаңсуға негіз жоқ, – дейді ол.

Отбасында төрт қыз, бір ұл бар. «Жердің тайғақ болғанын мұздан көрдім, еттің ащы болғанын тұздан көрдім, қартайғанда рахатты қыздан көрдім» деп Шернияз ақын айтқандай, жас келіншек кезінде қызды көп тудым, ұлым жалғыз деген екен, Айгүл бүгінде қызықты сол қыздарынан көріп отырған жайы бар. Қыздарын құтты орнына қондырып, 13 немере-жиен сүйіп отырған бақытты әже. Отағасын жоқтатпай, туған-туыс, құда-құдағиларымен жақын араласып, сыйластықта ғұмыр

кешуде. Ұжымдастар арасында беделді, суреті бөлімшенің құрмет тақтасына ілінген. «Жұмысыма ризамын. Тұрақты табысымыз бар. Көрсеткіш орындалса, сый-ақы да алып отырамыз. Әйелдер мерекесі – 8 наурызда барлық үйге дастархан молдығын берсін. Қымбатшылық қысып жатыр, әсіресе тамақ қымбаттап жатса, қалай болар екен деп уайымдап қалатынымыз да рас. Мемлекет тарапынан әйелдерге қамқорлық көбейе берсін. Бақытты ел болайық», – дейді Айгүл. Бұл да Айгүлдің аналық ақ тілегінің бірі. Лайым қабыл болғай...

Суретті түсірген автор

ӨТКЕЛ КЕЗЕКШІСІ ДИНА

Біздің кейіпкеріміздің есімін ата-анасы Дина деп қойыпты. Қазақ ырымшыл халық қой, бәлкім, Дина шешеміздей дәулескер күйші болсын деген шығар. Ол теміржолшы болды.

Еділ ЕРМЕК,
Атырау

Әкесі Хамза 35 жыл Қызылқоға ауданында совхоздың малын баққан қойшы, шешесі Айжан көмекші әрі сауыншы болған екен. «Үйде жеті бала болдық, бәріміз интернатта жатып оқыдық. 120 бала бәріміз шопан, малшы, бақташының балаларымыз. Баланың үлкені Зайдолла ағам 1961 жылғы. Интернаттағы әке-шешеміз, ақылшымыз, қамқоршымыз сол. Әрқайсымыздың арамыз екі-үш жастан. Ал жайылым совхоздан 120 шақырымдай жерде-тұғын. Әке-шешені тек каникулда көреміз. 10 жыл солай оқыдық. Мектеп бітіргесін әкем міндетті түрде екі жыл қой бақтарыды, ол бұлжымайтын заң еді. Бір бала оқуға кеткенде екіншісі мектеп бітіріп қой кезекке түсіп жатады. Солай өстік. Қара жұмыстың бәрін жасадық. Мен кітап оқуға құмар болдым. Күртенің жеңіне тығып алып шығып, «Мәдениет және тұрмыс», «Жұлдыз», «Жалын», «Ара», т.б. журналдарды қой баққанда күні бойы оқимын. Әкеміз байқап қалса, «кітап оқып отырғанда қойға қасқыр шабады» деп тартып алып қалатын. Бірақ әкеміз бәріміздің оқып білім алғанымызды қалады. Біріміз мұғалім, біріміз дәрігер болып, әйтеуір бәріміз мамандық алып шықтық», – дейді Дина.



Жылдың төрт мезгілінде де тыным таппай, маңдайы күнге күйіп, табаны тасқа тиіп, мал бағу оңай емес екені рас. Малды баққан біледі. Қызу еңбектің басында өткен әр күн қарбаласқа толы, бейнеті мен қиындығы көп жұмыс. Мың қойды өріске шығарып, олардың жайылып, шүйгінге тұмсығын тығуын қарайсың. Ал мың қойға құдықтан су тасып, суарудың бейнеті ше? Қысты күні тіптен қиын. Мал басын көбейтумен қатар оны аман сақтау міндеттемесі тағы бар. Қой қыркы, төл алу, шығын малды сойып, ақтілеу, т.б. жұмыстың бәрін жас шопан қыз баламын деп қарамай жасай береді. Қысқасы, қой бағып, ат құлағында ойнап өскен біздің кейіпкеріміз Дина Ибатова – осы сынақтан сүрінбей өткен жан.

Екі жыл қой баққан соң әкесі Хамза оның

Гурьев мәдени-ағарту училищесіне оқуға қабылдануына көмектеседі. Дина училищені «Кітапханашы» мамандығы бойынша бітіріп, еңбек жолын бастайды. Сөйтіп жүргенде құлсарлық Жәнібек есімді теміржолшы жігітпен танысып, бір-бірін ұнатқан екі жас отау құрады. Жәнібек Атырау жол дистанциясында жолшы болып жұмыс істейтін. Кейін Бекбике станциясына жол шебері болып ауысады. Станцияда кітапхана жоқ. Сондықтан жастайынан еңбекке піскен Дина білегін сыбанып жолшы болып шыға келеді. Содан бері темір жолмен біте қайнасып, бүгінде Атырау жол дистанциясына қарасты №15 өткелде өткел кезекшісі болып жұмыс істейді.

«Бұл маңда қалаға келетін жүктерді сақтайтын қоймалар көп, сондықтан пойыздар маневр жасап әрлі-берлі көп өтеді. Өткел қолмен басқарылатындықтан, күніне бірнеше рет қарабанды бұрап, шлағбаумды жауып-ашамыз. Қыста қатып қалатыны бар, сол кезде қиын. Жауып үлгергенше көліктер өтіп кетемін деп бір-бірімен соқтығысып та жатады, әртүрлі оқиғалар болады. Тұн ортасына қарай көліктер сирейді. Өткелді қыста қардан, жазда құмнан аршу да міндетіміз. Бірақ үйренген жұмысымыз, еш қиындығы жоқ», – дейді көңбіс қазақ әйелі.

Дина Хамзақызы отағасы екеуі бүгінде төрт бала тәрбиелеп өсіріп отыр. Үлкені Жанна ҚазАТК-ның «Логистика» бөлімін бітіріп, қазір «Жолаушылар тасымалы» Атырау телімінде жетекші инженер-технолог болса, оның күйеуі Нұрлан жолсерік. Қалған үшеуі студент. Салтанат – болашақ банкир, Тұрарбек – саясаттанушы, ал кенже ұл Сұлтанбек – Алматы теміржол колледжінде оқып жатыр, яғни династияны жалғастыратын болашақ теміржолшы.

Суретті түсірген автор

Өндірістік аймақта орын тепкен тораптық Жаңа-Семей станциясы қашанда қарбаласқа толы. Жүк пойыздарының ағыны толассыз, құрастырылып, жолға шығарылатын жылжымалы құрамдар саны жыл сайын артып келе жатқан станцияда еңбек ететін қыз-келіншектер де аз емес.

ЕҢ ӘДЕМІ ТАУАР КАССИРІ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Солардың арасында теміржолшылар әулетінен шыққан тауар кассирі Назира Тұмарбекованы ерекше атап өтуге болады. Ол станцияға небары жиырма жасында келіпті. Міне, ширек ғасырға жуық табан аударамастан еңбек етіп келеді.

– Ең алғашқы қызметім бағыттама қосымша басталды. Одан соң екі жылдай жүк қабылдап-тапсырушы болып еңбек еттім. Қазіргі қызметім – тауар кассирі. Бұл – жауапкершілігі өте жоғары мамандық. Біліктілікті, білімді, ұқыптылықты талап етеді. Біздің құзырымызға кіретін міндет те тым ауқымды, – дейді Назира Мұратбекқызы.

Иә, уақытылы жол ақысын алу, қосымша төлемдерді қабылдау, тасымал құжаттарын тексеру, өңдеу мен тіркеу... тауар кассирінің жұмысы жеңіл емес. Бұл ретте жүк алушылармен, жүк жөнелтушілермен сыпайы қарым-қатынаста болу – басты міндет. Ал енді станцияның тұрақты клиенттері үшін Назира

Жаңа-Семей станциясындағы ең әдемі, ең сыпайы да адал тауар кассирі деген абыройлы атқа ие десек, қателеспейміз.

Оның жұмыс күні жоспарлау жиынынан басталады. Түнгі ауысымнан қалған құжаттарды қабылдап, алдағы жұмыстың бағыт-бағдарын нақтылау үшін жаңадан келіп түскен нұсқаулықтармен, бұйрықтармен танысады. Бір айта кетерлігі, тауар кассиріне құжаттарды рәсімдеу барысында мүлде қателесуге қажаты мүқият тексеріледі. Бұл ретте қағаз жүзіндегі экспорт құжаттардың жеделхаттағы сәйкестігі қадағалау басты орында тұрады. Сол тәрізді клиенттерге сенімхат арқылы құжаттар көшірмесін беруде де мүқияттылық қажет.

Ал Жаңа-Семей станциясындағы логистикалық жұмыстар – жүк ағыны мен құрастырылатын пойыздар саны кластан тыс Семей станциясынан да әлдеқайда көп екендігін, күллі бөлімше бойынша бірінші орында тұрғанын ескерсек, оның жұмысының қаншалықты қауырт өрі жеделдікті талап ететінін түсінуге болады.

– Өткен 2024 жылдың қазан айынан бастап тасымалдау құжаттары еліміз бойынша толықтай электрондық нұсқаға ауысты. Бұл қағазға да үнемділік әкелді, өзіміз де жеңілдік сезіндік, – дейді Назира Мұратбекқызы.

Күнделікті қайталанатын, бірсарынды, сырт көзге іш пыстырардай көрінетін мұндай жұмыстар ол үшін тұтас бір өмір десе де болғандай.

«Тауар кассирі қызметі өзіме ерекше ұнайды. Басқа ешбір қызметке ауыстырмас едім. Станция – менің екінші үйім» дейді ол.

Бірлігі бекем, ұйымшыл Жаңа-Семей станциясы Назира сыңды білікті мамандарымен орынды мақтана алады.

Суретті түсірген автор

ЖОЛАУШЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің Жосалы теміржол вокзалының ұжымы негізінен гүлдей құлпырған қыз-келіншектерден құралған. Солардың бірі – теміржолшылар әулетінің жарқын өкілі вокзал басшысының кезекші көмекшісі Эльмира Құшманова.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Жалғыз Жосалы емес, Қазақстандағы барлық вокзалдарда жолаушы қызметінде әйелдер қызмет атқарады. Нәзік жандардың теміржол саласындағы рөлі орасан. Үйде де, түзде де таразы басын тең ұстап, вокзалдарда, станцияларда, дистанциялар мен деполарда, жолаушы пойыздарында, кеңселерде ерлермен қатар еңбек етіп жүрген жүздеген Эльмиралар оның жарқын мысалы.

Эльмира теміржол саласындағы еңбек жолын 2003 жылы осы Жосалы вокзалында билет кассасының жинақтаушысы болып бастап, бүгінде бұл салада үлкен тәжірибеге ие маманға айналды.

– Теміржол саласының кез келген мамандығы әлеуметтік тұрғыда маңызды. Қазіргі уақытта әйелдер теміржол саласында ер азаматтармен қатар үлкен жауапкершілікпен, кәсіби шеберлікпен жұмыс істеуде. Салада әйелдердің рөлі жылдан-жылға артып, теміржолшы мамандығының әлеуметтік және экономикалық маңызы қызметіне жаңа перспективалар қосуда. Әйелдердің осы салада өздерін көрсете білуі әлеуметтік теңдік пен әйелдердің жұмыс күшіндегі үлесін арттыруға бағытталған үлкен қадам болып табылады. Бүгінгі күні әйелдер теміржол саласында техникалық бағытта да, басқарушылық қызметте де аз емес. Бұл жағдай жұмыстағы гендерлік теңдік пен әйелдердің кәсіби құзыреттерінің мойындалуы дер едім. Ал теміржолшы қоғам үшін үлкен жауапкершілік жүктелген маман болып табылады. Оның ішінде вокзал қызметкерлері барлық жұмысты дәл жоспарлап, технологияларды тиімді қолдана отырып, кез келген

төтенше жағдайды басқаруға дайын болуы қажет. Мен өз кәсібімді жақсы көремін және теміржолшы әулеттің жалғасы екенімді мақтан тұтамын, – дейді Эльмира Зарқұмқызы.

Жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге дағдыланған Эльмира отбасында балаларын теміржолшының балалары деген атқа лайық тәрбиелеп отырған тәлімгер ана. Тәрбие жұмысында қосағы Денистің де алар орны ерекше. Эльмира мен оның жолдасы Денис Хамовтың теміржол саласындағы ұзақ жылғы еңбек жолы бұл саланың шынайы тұлғаларын көрсетеді.

– Біз жартылай әскери сала саналатын теміржолда еңбек еткендіктен темірдей тәртіпті ұстанамыз, бұл қағиданы отбасында балаларымызға да сіңіргенді артық көрмейміз. Тәртіп бар жерде іс жүреді, жауапкершілік болады. Жұбайыммен бірге жұмыс істеу маған ұнайды, жұмыс кезінде әріптес саналамыз да кез келген қиындық-кедергіден шығу үшін бір-бірімізге риясыз көмектесіп, реті келсе бір-бірімізден үйреніп, бірге тәжірибе жинап, бірге өстік. Эльмира – отбасында жарым, жұмыста әріптесім. Жалпы, әйелдер теміржол саласында тек күнделікті міндеттерін атқарып қана қоймай, өзін-өзі жетілдіріп, кәсіби тұрғыдан жоғары деңгейге көтерілу мүмкіндігіне де ие. Олар қатаң жұмыс кестесінде, күрделі жағдайларда жауапкершілікпен, тәртіп пен кәсібилікті сақтап жұмыс істейді. Ол қасиеттерді мен өз жарымның бойынан көрем, – дейді Денис Хамов.

Суретті түсірген автор



РАДОСТЬ БЫТЬ СОБОЙ

Минайым Абдрахманова – дежурный по станции Оскемен-1. Ее судьба неразрывно связана с железной дорогой, хотя изначально она и не думала, что вот уже 38 лет как она будет идти по этому пути.

 **Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

Все началось с семейного совета, когда двоюродный брат отца, Почетный железнодорожник Оразбай Абышев, который тогда трудился в Кызыл-Ординском отделении дороги, подсказал Минайым выбрать эту профессию. Но девушка сначала была уверена: это работа для мужчин. Хотя она ее цепляла. Будучи еще школьницей, она с любопытством разглядывала, как тепловоз попадал на нужные пути, наблюдала за движением состава. Ее интерес к этой загадке стал первым шагом к будущей профессии. Тем более что родственник убедил: профессия железнодорожника подходит и женщинам.

В 1982 году Минайым поступила в Алма-Атинский институт инженеров железнодорожного транспорта (АЛИИТ). Помимо учебы ее всегда привлекала общественная деятельность: участие в КВН, концертах, конкурсах «Студенческая весна». Ее кумиром была певица Мадина Ералиева, и Минайым знала все ее песни наизусть.

После окончания института она по распределению приехала как молодой специалист в Защитинское отделение дороги. Ее приняли дежурной по станции Фестивальная, которая располагалась в лесу, и сначала там было страшновато. Но со временем работа ув-



лекла ее. Через год была переведена в город Усть-Каменогорск, на станцию Защиты.

Шли годы, и Минайым осваивала разные должности: приемосдатчик груза, оператор при дежурном по станции, дежурный станционного поста централизации, инженер по безопасности движения поездов, помощник начальника станции по кадровым вопросам, поездной диспетчер. Когда поездных диспетчеров передали в ЦУП, она снова вернулась на дежурство по станции.

– Работа дежурного по станции – это постоянный контроль за движением поез-

дов, их прием, отправление и пропуск. Здесь важно сохранять хладнокровие, следовать инструкциям и принимать решения мгновенно. Смена длится 12 часов, но время летит незаметно – столько всего нужно успеть. Для меня это не просто работа, а смысл жизни. Когда отправляю поезда, то испытываю чувство радости. Это эйфория. Это счастье! Смотрю сверху, как движется поезд, увозя разные грузы грузополучателям, и с гордостью понимаю, что вношу свой вклад в экономику Казахстана, – говорит она.

Несмотря на тяжелую работу, Минайым всегда находила время для семьи. Вышла замуж за любимого человека, которого до сих пор считает своей второй половинкой, ведь они понимали друг друга с полуслова! Родила двух дочерей. Но, к сожалению, любимый мужчина ушел из жизни из-за тяжелой болезни, когда девочки были еще совсем маленькими. Детей Минайым поднимала сама и сейчас гордится ими.

За 38 лет работы она никогда не брала полный отпуск, кроме декретного. Ее энергия не позволяет ей долго сидеть без дела. Даже дома она всегда чем-то занята – вяжет, шьет, разучивает новые песни, любит танцевать.

– Если я начала вязать кофту, то не встану, пока не закончу, – смеется она. – Точно также веду себя по отношению к работе. Если начала дело, обязательно мне нужно его завершить.

Трудолюбие и преданность профессии не остались незамеченными. У нее множество наград: «Үздік маман», почетные грамоты от АО «НК «ҚТЖ», профсоюза, акимата ВКО. Но главной наградой для нее остается сама работа.

Фото Минайым АБДРАХМАНОВОЙ

ДОБРОСОВЕСТНЫЙ ТРУД И ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Без малого 30 лет осматрщик вагонов Ольга Дедкова следит за исправным состоянием подвижного состава на станции Петропавловск, внося свою лепту в безопасное движение поездов. В этой «не женской» профессии она стала примером для многих коллег-мужчин – от цепкого взгляда и тонкого слуха железнодорожницы не ускользает ни одна деталь.

 **Любовь РОВБА,**
Петропавловск

Труд осматрщика требует не только физической выносливости, но и особой внимательности и чуткости. С тяжелыми инструментами наперевес они проходят вдоль составов не один километр, постукивая по вагонным колесам контрольным молотком. Раздающийся после удара глухой или дребезжащий звук может свидетельствовать о дефектах, и задача осматрщика – их правильно распознать.

Ольга Дедкова отмечает, что мастерство приходит с опытом – за столько лет работы уже знаешь, какие признаки говорят о наличии неисправности и на что в первую очередь нужно обращать внимание. В послужном списке железнодорожницы множество выявленных дефектов, которые могли привести к серьезным последствиям.

Будучи единственной представительницей прекрасного пола в коллективе осматрщиков на станции Петропавловск, своим примером она развивает все стереотипы об этой «не женской» профессии. В любую погоду – будь то снег, дождь или палящее солнце – наравне с мужчинами Ольга Дедкова проходит километры по путям сортировочного предгорного парка станции, не упуская из виду даже самой незначительной детали.

– Работать в мужском коллективе мне комфортно. Нет лишних разговоров и скло-

Никто не смотрит со снисхождением, в работе мы все равны, – отмечает Ольга Петровна.

Железнодорожница пользуется в коллективе большим уважением и щедро делится с молодежью накопленными знаниями и опытом. За годы ответственного труда Ольга Дедкова стала наставником для многих коллег. Некоторые из них по сей день продолжают трудиться на различных должностях, в том числе руководящих.

– Передача опыта – естественный процесс, мы выполняем общее дело – обеспечиваем безопасность движения, поэтому никто из старожил не откажет в профессиональном совете новичкам, – отмечает Ольга Петровна.

Станция Петропавловск для нее родная. Да и с выбором профессионального пути вопросов не было: железная дорога Ольге Дедковой интересна и знакома с детства. Ее отец Петр Яковлевич долгие годы проработал в местной дистанции пути. Начинать с монтера пути и дошел до мастера. Казалось бы, глядя на тяжелый труд отца в суровых погодных условиях, сложный сменный график, дочь могла выбрать более спокойную профессию, но Ольга была тверда в своем намерении.

После школы она поступила в Петропавловский железнодорожный техникум на специальность «вагонное хозяйство». Получив диплом, пришла работать в сортировочный предгорный парк родной станции, где остается по сей день осматрщиком вагонов



(по сохранности вагонного парка) Курорт-Боровское эксплуатационного вагонного депо Акмолинского отделения ГП.

Отец выбор дочери поддержал. Сегодня она единственный продолжатель семейной династии – родной брат и сын Ольги тоже получили железнодорожные специальности, но работают в другой сфере.

– За 30 лет работы осматрщиком даже мысли не было о смене профессии. Мне нравится моя работа. Свежий воздух, постоянное движение, хороший коллектив и уверенность в завтрашнем дне. А морозы нам, северянам, не страшны, к тому же от них защищает качественная спецодежда, – говорит Ольга Дедкова.

Она отмечает, что главное в работе осматрщика – добросовестное отношение к своим обязанностям.

– В любой профессии, независимо от стереотипов, важно желание работать. Труд осматрщика требует особой ответственности и бдительности. Состав не отправится, пока мы не убедимся, что все исправно. Каждый из нас в ответе за безопасное движение поездов, об этом нужно всегда помнить, отправляясь на работу, – говорит железнодорожница.

Фото автора

ЧАСТИЧКА МОЕЙ ДУШИ

Гульнара Шормакова посвятила многие годы развитию музея, сохранению и популяризации истории железнодорожного транспорта. Музей стал не только хранителем уникального наследия, но и важным культурно-образовательным центром.



 **Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

Коллектив Алматинского филиала АО «Казпрофтранс» с теплотой и благодарностью проводит на заслуженный отдых директора Центрального музея железнодорожного транспорта РК Гульнару Шормакову.

Председатель Алматинского филиала АО «Казпрофтранс» Нуржан Аскарбаев поздравил виновницу торжества, выразил глубокую признательность за совместную работу, вклад в развитие музейного дела.

– Желаем вам крепкого здоровья, семейного тепла, новых интересных страниц и увлечений в жизни, – от-

метил Нуржан Нургисаевич.

В 1999 году в Алматы был открыт Центральный музей железнодорожного транспорта, директором которого стал Бейсен Шормаков, который впоследствии передал эстафету своей дочери Гульнаре. За годы существования культурного наследия собрано множество экспонатов, раритетов, фотографий, газет и журналов истории железнодорожного транспорта. Открыты залы, посвященные строительству легендарного Турксиба, Независимости РК, героям Великой Отечественной войны, особый восторг у посетителей, в том числе иностранцев, вызывает зал прикладного искусства, где

всегда есть возможность прикоснуться к истории, познавая кочевой образ жизни казахов.

Надо сказать, что Гульнара Шормакова не только руководитель, но и яркая многогранная личность. Особое восхищение вызывает творческий талант и увлечение энкаустикой – древней техникой живописи, которая требует мастерства, терпения и особого вдохновения. Бесспорно, все ее работы отражают глубину души и любовь к прекрасному, а творчество является источником новых радостных открытий. Свои восковые мелки Гульнара аккуратно наносит на горячий утюг, а затем с утюгом переносит на картон. Получаются прекрасные пейзажи, шикарные узоры, абстрактные линии, портреты. Причем воск в составе красок дает им преимущество – они не теряют свой цвет со временем, это не просто живопись, а особый вид искусства, в котором каждая работа наполнена теплом и индивидуальностью автора.

И как сама отмечает Гульнара, для энкастики не столь важно уметь рисовать, а более приоритетным является чувство меры, цвета, полет фантазии, настроение и гамма чувств.

Фото автора



СТУЧАТ КОЛЕСА

Алмагуль Нурмахина 31 год работает слесарем по осмотру и ремонту локомотива – одна из ведущих профессий на железной дороге. О своей тяжелой и важной специальности она рассказала нашему изданию.

 **Айдана ЕРТАЙ,**
Павлодар

В Екибастузском локомотивном эксплуатационном депо наша героиня работает с 1994 года. В трудовой книге только одна запись. За преданность профессии ее неоднократно награждали дипломами и благодарственными письмами.

– Я не могу сидеть без дела, еще совсем молодой пришла в Екибастузское локомотивное эксплуатационное депо, быстро обучилась, и вперед с песней, – с веселым задором рассказывает

Алмагуль Жасталапова.

– Не страшно находиться под такой машиной, как локомотив? – спрашиваю железнодорожницу. – Нет! В первое время да, присутствовал страх, потом как по накатанной. Я вообще человек рискованный, поэтому не удивляйтесь моему выбору. Профессия у нас не женская, зато интересная, – отвечает Алмагуль Нурмахина.

Рабочий день у слесаря по осмотру и ремонту локомотива начинается в шесть утра. Они следят за исправностью железнодорожного транспорта, основная задача у Ал-

У каждого человека свои критерии счастья. Для оператора по обработке перевозочных документов станции Уральск Мензипы Мажитовой – это ее семья. Многодетная мама, обладательница ордена Республики Казахстан «Күміс алқа», она пользуется большим уважением на работе и в семье.

МНОГО ЛИ ЖЕНЩИНЕ НУЖНО ДЛЯ СЧАСТЬЯ?



 **Анна ПАНИЩЕВА,**
Уральск

Родилась Мензипа Нургалиевна в совхозе Кушанкуль Казталовского района Уральской, ныне Западно-Казахстанской области в ноябре 1976 года в семье сельских тружеников Мажитовых. Родители были чадолюбивыми – трех дочерей и трех сыновей родили, строили планы, как вырастить их, какое дадут образование. Но трагическая гибель отца на производстве подкосила крепкую и дружную семью. Мензипе, второй по старшинству, было тогда 9 лет, младшему братику – годик.

После восьмого класса ее с сестрой отправили учиться в Уральск в интернат для сельских ребятшек. Потом было профтехучилище по специальности «штукатур-маляр», хотя она всегда любила математику и мечтала стать бухгалтером.

Отучившись, Мензипа пошла работать, но не по специальности. Ее родная тетя Баян, работавшая на станции Уральск старшим товарным кассиром, подсказала про вакансию уборщицы производственных помещений. Для 1995 года, когда безработными после закрытой фабрики и заводов оставались тысячи рабочих по всей стране, устроиться на железную дорогу было большой удачей.

Недолго она поработала дежурным по выдаче справок станции Уральск на время декретного отпуска штатного сотрудника. Быстро освоила секреты профессии, однако пришлось вернуться к прежним обязанностям, поскольку человек вышел из отпуска. На станции Уральск она встретила и своего суженного, в 2001 году симпатичный охранник из соседней организации Нуржан

Мурзагалиев стал ее супругом. И Мензипа с головой погрузилась в семейную жизнь.

В 2002 родилась Динара, ставшая ее главной помощницей. Дочки рождались каждые два года, в 2011 году родился Нурдаулет, в 2013 – Бакдаулет. Окончательно Мензипа вышла на работу в 2015 году, и тогда же ей была вручена государственная награда – орден «Күміс алқа». В 2017 году после месячного курса повышения квалификации в Актобе она перешла оператором по обработке перевозочных документов. Коллеги говорят, что она на редкость ответственный и дисциплинированный работник, отзывчивый и очень добродушный человек.

О своей работе Мензипа Нургалиевна рассказывает так: «Обеспечиваю передачу информации о ходе перевозочного процесса в автоматизированные системы управления, веду установленные формы станционной отчетности и учета вагонного парка, статистику плана формирования поездов, норм массы и длины поездов, оформляю результаты переписи вагонов на станции. Мне очень нравится моя работа, чувствую себя на своем месте».

О своих детях Мензипа говорит с гордостью. Все они учатся хорошо, у каждого свои обязанности по дому. Старшая дочка уже работает после окончания Западно-Казахстанского агротехнического университета (ЗКАТУ). Асель и Нурсауле тоже учатся в ЗКАТУ, а Нурайна выбрала IT-специальность в Уральском высшем гуманитарно-экономическом колледже. Сыновья еще школьники, но тоже намерены получить высшее образование.

Фото автора

№17-18 (3056-3057) 07/03/2025

ТАҒДЫР СЫНАҒЫНА СЫНБАҒАН...

Тараз станциясының аға тауар кассирі Сәнімгүл Арыстанованың теміржол саласында еңбек етіп келе жатқанына 38 жылдың жүзі болыпты. Осы жылдар ішінде «адал еңбек бәрін де жеңбек» деген ұстанымынан айнымай келеді. Аға тауар кассирі өткен жылы үздік атанып, арнайы төсбелгімен марапатталып, мерейі өсті.



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Теміржолға қалай келдіңіз деген сауалымызға ойланып отырып жауап берді кейіпкеріміз.

– Қызылорда облысының Қазалы станциясында туып-өскенмін. Әкем 40 жыл темір жолда жұмыс істеген. Екі ағам да осы салада еңбек етеді. Содан болар, 8-сыныптан кейін көп ойланып жатпай, Қазалыдағы теміржол училищесіне оқуға түсіп, қызыл дипломмен бітіріп шықтым. Өзіме теміржол саласы қатты ұнайды. Ары қарай Ақтөбеге жоғары оқу орнына түскім келген, ол кезде талап қатал. Медициналық тексеруден өтпей қалдым, көздірік тағатыным кедергі келтіріп, оқуға қабылдамай қойды. Содан соң оқу орнының жолдамасымен Қызылордаға барып, мамандығым бойынша станция кезекшісі болып еңбек жолымды бастадым. Екі жылдан кейін жоғары оқу орнына түсуге тағы талпындым. Ресейге оқуға кетпек болдым. Денсаулық жағдайым тағы да алдымнан шықты, – дейді Сәнімгүл Арыстанова.

Өмір жолында көз жанарының алыстан көру қабілетінің төмендегі жоғары білім алсам деген арманына жетуге кедергі келтірсе де, ол тандауынан бас тартпады. Жамбылға қоныс аударған соң 1987 жылы Тараз станциясына жүк қабылдаушы болып жұмысқа орналасты. Ол кезде жұмыс ауыр. Ауысымына қарай күн демей, түн демей, жүк жөнелтетін вагондарды түгел тексереді. Ондай сәттерде түрлі сұйықтық толтырылған цистерналардың үстіне шығуға тура келеді. Қиын екен деп жұмысты тастап кету әдетінде жоқ. Себебі отбасында алған тәрбие сондай: қай істе де нәтижеге жету керек.

Кейін аға жүк қабылдаушы болған кезде де, тауарлық кассаға ауысқанда да ол осы табандылығының арқасында барлық қиындықты жеңіп шықты. Жүк қабылдаушы болып жұмыс істеп жүргенінде қайсарлығының арқасында бір күрделі мәселені реттеп, әріптестері де, өзі де басшылардың қаһарынан құтылғаны бар.

Ол оқиға былай болыпты: Тараз станциясына Шымкенттің

іргесіндегі Текесудан мазут келіп тұрады. Жүк қабылдаушылар цистерналарды қарап, тексеріп, ақау анықталса, жүк жөнелтушілерге телеграмма жіберіп отырады. Тараздан кері жөнелтетін вагондарды да мұқият қарап, құжат толтырады. Бірақ құжатты қанша реттесе де, ана жақ қабылдамай, хат жолдауын тоқтатапты. Содан «жиналысқа бір түссек, кешіrer, екінші жолы ескерту жасар, жұмыстан шығып қалсақ не болады» деп ойлаған аға жүк қабылдаушы Сәнімгүл Арыстанова такси жалдап Шымкентке барады. Бара сала өз вагондарын тексереді, еш ақау жоқ. Мұны анықтаған соң жүк қабылдаушыларға мән-жайды айтып, жағдайды түсіндіруін талап етеді. Сөйтсе, олар «сіздер де бізге телеграмма жібере бересіздер ғой, біз де солай жасап жүрдік» деп шынын айтыпты.

Тағдырдың сынағына да мойымай, 2020 жылы ауыр дертті жеңіп шығып, бір жарым жыл үзілістен кейін станцияға қайта оралған соң жауапкершілігі жоғары, жұмысына тиянақты маманның денсаулық жағдайын ойлап, басшылық оны тауар кассирі етіп ауыстырады.

Кеңседе отырады демесеңіз, тауар кассирінің де жұмысы жеңіл емес. Вагонға жүк тиеліп, оны жолға шығарғанша, тұтынушы тауарын қабылдап алғанша, тыным жоқ. Құжаттарды реттеу керек, қаржы айналымын бақылау қажет, оның уақытылы түсуін қадағалауы тиіс.

– Мысалы, импорттық тауарлардың транзиттері Ресейден, Белоруссиядан Қазақстанға кіргеннен бастап станцияға келгенге дейін есептеледі. Экспорттық тауарлар шекараға дейін. Әр жердің өз тәртібі бар. Құжат, қаржыға өте мұқият болуымыз керек. Қазіргі экономикалық жағдайға байланысты, тұтынушылар әр тиынын есептейді. Бір-біріне ұқсас компаниялар бар, кей кездерде олардың реквизииттары ауысып кетеді. Соның бәрін қадағалау қажет. Бұл жұмыста көзжұмбайлыққа салуға болмайды, бірдің кесірі көпке тиеді, сонша адамның тағдырына әсер етеді. Кассир болу оңай емес, үлкен жауапкершілікте қажет етеді, – деп түсіндірді аға тауар кассирі.

Суретті түсірген автор

ОТБАСЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН ҚАСИЕТ

Қызылорданың Арал теңізі станциясының жүк қабылдап-тапсырушысы Маржан Ақпаева – теміржол саласында бірнеше буын алмасқан атақты Шүреновтер әулетінің өкілі. Көпбалалы ана жұмыс пен отбасы тіршілігін қатар игеріп, еңбекқорлығымен көпке үлгі болып келеді.

Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,
Арал теңізі станциясы

Әріптестері Маржанды тек кәсіби маман ғана емес, отбасының тірегі, бес баланың ардақты анасы ретінде де құрмет тұтады. Ал Маржанның айтуынша, теміржол – бұл тек жұмыс емес, бұл – өмір мектебі, тәртіп пен жауапкершілік, тұрақты табыс көзі сынды игілікті қағидалардың тінімен көмкерілген сала.

– Теміржолшылар отбасында өскен Маржан үшін станциядағы жұмыс таңсық емес, алғашқы күннен бастап өзін нағыз маман ретінде көрсете білді. Қазір ол

тек өз ісінің шебері ғана емес, студенттер мен жас мамандар үшін тәлімгер ұстаз болып отыр, – дейді Арал теңізі станциясы бастығының орынбасары Наурызбек Жұмабаев.

Маржан Жеңісқызы 1990 жылы осы Арал ауданында дүниеге келген. Мектептен кейін Ақтөбе көлік коммуникация және жаңа технологиялар колледжіне түсіп, оны бітірген соң Арал теңізі станциясына жүк қабылдап-тапсырушы болып орналасқан күннен бері он жылдан аса уақыт өтіп те кетіпті. Осы уақыт ішінде нағыз теміржолшы болып қалыптасып үлгерді. Әрбір вагонның құжат-



тарын мұқият тексеріп, жүктің дұрыс қабылданып, уақытылы жөнелтілуін қадағалайтын әдеті – бала кезден отбасында әке тәрбиесімен қалыптасқан қасиет. Сосын қызметін атқара

жүріп, кәсіби шеберлігін де үнемі жетілдіріп отырады. Бұл да теміржолшы әулет ұстанған қағиданың бірі.

– Өткен ғасырда атам мен әжем теміржол саласында ұзақ жылдар еңбек еткен. Әкем Жеңіс машинист болды, бауырлары да түгел теміржолшылар. Осындай еңбекқор әулетте өскен мен үшін де теміржол өте ыстық. Осы саланы, өз кәсібімді жақсы көргендіктен шығар, станцияға практикадан өтуге келген студенттерді қуана-қуана қамқорлығыма алып, білгенімді үйретемін. Болашақ теміржолшыларға таңдаған мамандығының маңызын, жауапкершілігін және абыройын көрсетіп, теміржолшылардың нағыз тұлға екенін көрсетуге күш саламын, – дейді теміржолшылар әулетінің жарқын өкілі Маржан Жеңісқызы.

Суретті түсірген автор

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖЕҢІЛ ЕМЕС

Ақтөбе белгі беру және байланыс дистанциясының аға диспетчері Айгүл Сәрсенбай – өз жұмысының барлық қиындығы мен жауапкершілігін арқа-лап, алдыңғы лекте тұрған өз ісінің кәсіби маманы.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Шалқар ауданында дүниеге келген Айгүл Сәбуқызының 35 жылы осы дистанцияда өтіп келеді. Ақтөбе теміржол техникумына оқуға түскен күні кеше ғана секілді. 1989 жылы техникумды бітіріп, автоматика-телемеханика мамандығы бойынша диплом алып, алғашқы еңбек жолын Шалқар белгі беру-байланыс дистанциясында бастағаны да күні бүгінгідей көз алдында. 2003 жылға дейін Шалқарда тәжірибе жинап, өндіре еңбек етті. Сосын Ақтөбедегі орталық ШЧ-5 мекемесіне ауысып, диспетчер болып еңбек жолын жалғастырды. Ақтөбе – Жайсан, Ақтөбе – Қандыағаш, Ақтөбе – Әйтеке би учаскелерінде қозғалысты, бұрмалар мен бағдаршамдардың мүлтіксіз қызметін қадағалау міндетін ұзақ жыл бойы мүлтіксіз атқарып келеді. 2021 жылдан бастап аға диспетчер болып жоғарылады. Қазіргі міндеті күрделі әрі жауапты. Жылжымалы құрамның кідірісіс жүруін бақылайтын мамандардың бірі. Тұрып қалған тепловоздарға талдама жасап, ақау себептерін зерттейді, тіркейді. Жолда қалған тепловоздарға қатысты барлық мәліметті жинап, диспетчерлер жұмысын қадағалайды. Қарамағында 5 диспетчер бар.

– Темір жол – қиындығы да, қызығы да қатар жүретін сала. Түрлі ақаулар болады, механиктерге хабарласамыз, шақыратамыз. Механиктер әзіл-шыны аралас «сен хабарласпайсың, номеріңді көрсек бір жерде ақау боп жатыр деп төбе шашымыз тік тұрады» дейді, – деп күліп алды Айгүл Сәбуқызы.

Кейіпкеріміз ұстаздар отбасында тербиеленген екен. Әкесі де, анасы да өмір бойы бала тәрбиелеген ұстаздар. Әкесі Шалқарда мектеп директоры, Ақтөбеде колледжде оқытушы болған. Айгүл де, бауырлары да теміржолшылар. Аталары да өмір бойы темір жолда тер төккен екен.

«Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен» деген әдемі сөз бар. Бұл Айгүлдей аналарымызға арналатын шындық. Түзде пойыздар қозғалысына жауапты болса, үйде отбасы ұйытқысы. Ұл-қызы – бүгінде бір-бір мамандық иесі.

Суретті түсірген автор

Астана сигнализация және байланыс дистанциясының диспетчері Гүлзат Жаналықызы он қолынан өнер тамған шебер. Ауысымдық жұмыстан бос кезде ол қыз жасауын және оялы көрпелер тігіп, түрлі бұйым тоқумен айналысады. Бүгінде содан тәп-тәуір табыс тауып отыр.



ҚОЛӨНЕРШІ ДИСПЕТЧЕР

Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

24 жылдық тәжірибесі бар теміржолшы ғана емес, сонымен қатар дистанцияның бет-бейнесі саналатын, әрі мекеменің бүкіл ақпаратын білетін, бәрін бақылауда ұстап отыратын диспетчер – өте жауапты мамандық. Гүлзатты жұмысын ойдағыдай атқарып, отбасын да гүлдендіріп, өзінің сүйікті ісі бойынша табысқа да кенеліп отырған бесасап келіншек деуге болады. Үйінде өзінің бөлек тігін бөлмесі және арнайы жалдайтын тігін цехы да бар ол бұл өнерді тігінші анасынан үйренген. Ең алдымен көрпе тігуді қолға алып, кейін қыз жасауын жасауға бет бұрды. Қазір қыз жасауы бойынша айына екі тапсырыстан алады, бір қыз жасауы 11-13 көрпеден тұрады. Сонымен қатар ол тоқымаға да бейім, тоқу арқылы үйге және сыртта киетін түрлі сәнді төпішкелер, италиялық кардигандар тоқып сатады. Оған тапсырыс әріптестерінен, таныстарынан және әлеуметтік парақшасы арқылы басқа да адамдардан жиі түседі. Қазіргі таңда 8 наурыз қарсаңында түрлі төпішкелер тоқуды көбейтіп жүр екен.

Ал темір жол – оның өмірлік жан қалауымен арнайы жоғары білім алып оқыған мамандығы, темір

жолсыз өмірін елестете алмайды.

– Теміржолшы болу туралы ой ең алғаш бала кезде пойызға билет болмай, вагонда Алматы мен тұған жерім Шалқар станциясы аралығында отырып келген сәттерде туындаған. 7-сыныптан бастап Алматыдағы республикалық физика-математика мектеп-интернатында оқыған едім, сол 1993 жылдары жазда каникулга баратын және қайтатын кезде пойызға отыратынмын. Сонда билеттерде орынды жолсерік көрсетеді деп жазылатын. Бірақ вагонда орын болмай үйге жеткенше қатты қиналатын кездерім көп болды. Содан өзіме «теміржолшы боламын және Шалқардан теміржол билеттерін орын санымен көрсетемін» деп сөз берген болатынымын, – деп күледі кейіпкеріміз.

Еңбек жолын Ақтөбеде электромонтер болып бастаған Гүлзат Астанаға 2019 жылы келіп, Қырқыншы станциясында электромеханик болды, 2020 жылы диспетчер болып ауысты.

Диспетчер жұмысшылармен байланыста, басшылықпен бірлесе атқарылатын жұмыс, бүкіл ақпарат бізге келеді, қай механик қайда жүр, не істеп жүр – бәрін біліп отырасын. Төтенше жағдай болса да алдымен біз білеміз. Бастысы – теміржолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында аянбай еңбек етеміз, – дейді ол.

Суретті түсірген автор



